

Абай ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің «Абай ауданының орталықтандырылған жүйесі»
КММ

Абаевские чтения
«Абай мұрасы - халық ұлағаты»



Абай - 2017

Сценарий Абаевских чтений «Абай мұрасы - халық ұлағаты»



Абай мұрасы – халық ұлағаты

Ведущий 1:

Армысыздар, құрметті қонақтар, әдебиет сүйер қауым!

Қазақ халқының ұлы ақыны, әдеби тілінің негізін салушы, аудармашы, сазгер, дана, дара тұлға А. Құнанбаевтың шығармашылығына арналған «Абай мұрасы – халық ұлағаты» атты Абай оқуларына қош келдіңіздер!

Бүгін біз ұлы ақын, ағартушы, ойшыл Абайдың 172-ші жылдығын атап өтуге жиналдық. Қаламыз Абайдың атымен аталуы біз үшін үлкен мәртебе.

Бүгінгі Абайға арналған шарамыздың Эпиграфын Елбасымыздың сөзінен алып отырмыз: «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай біздің ұлттық ұранымыз болуға тиіс».

Ведущий 2:

У каждого народа на определенном этапе развития найдется свой гений, гордость нации, которые постоянно питают его своей живительной влагой, и творения которые выражают суть души этого народа. Таким для казахов является великий поэт-просветитель, композитор, просветитель, мыслитель, общественный деятель, основоположник казахской письменной литературы - Абай Кунанбаев.

«Известно, что Абай всегда мечтал быть не сыном отца, а сыном Отечества. И сегодня он достиг своей мечты и гордо восседает на самом почетном месте как признанный всем миром мудрый и прозорливый Учитель, Поэт и Гений человечества», - это слова признания, произнесенные Президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым.

Проходят десятилетия, и потомки поэта почтительно склоняют головы перед памятью великого певца казахского народа. И сегодня, мы все собрались, чтобы почтить память великого Абая, читая его великие произведения.

Ведущий 1:

Абай мұрасы - қазақтың ең қасиетті, теңдесі жоқ, алтын қазынасы. Заман ауысып, уақыт өткен сайын халқымыз ғұлама Абайдың рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі - бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді. Ұлы Абайдың шығармашылығы бүгінгі заман талабына сай қайта түлеп, жыл өткен сайын жаңғырып ұрпақ тәрбиесінде өзіндік үлес қосып келеді. Үлкенде кіші де Абайды сүйіп оқиды.

Ведущий 1:

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!
...Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртын ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.
Мағжан Жұмабаев

Ведущий 2:

Немало стихов написано об Абае Кунанбаеве великими людьми.

Что это? Абая ли это портрет?
Могущества слава и песни расцвет!
Умом и отвагою равно велик,
Какой же с Абаем сравнится поэт?

Величье акына он гордо вознес,
Грядущего славным примером возрос.
Аргын и найман удивились ему,
Словам, уподобленным яркости звезд.

Течением мысли, как море, глубок...
А сердце мне шепчет: «Он был одинок...»
Без радости, но с душой непреклонной,
С досадою гений из мира ушел.
Жамбыл Жабаев

1-ведущий:

Абайдың ақындық тұлғасын, жан дүниесін, арман-мұратын ең толық, ең терең, ең дұрыс танытатын – әрине, оның поэзиясы, асқақ шабыттың қуатымен жүрген жарып шыққан, иненің жасуындай жасандылығы жоқ өлеңдері, «жалын мен оттан жаралған» сөздері. Ақын жүрегiнiң түбiне терең бойлаймыз десек, оның поэзиясын бар ықыласымызды танытып, үлкен iлтипатпен зер салып тыңдайық.

Ведущий 2:

Великий Абай осознаёт силу и мощь поэзии и полностью посвящает свою жизнь искусству слова.

Поэзия Абая многогранна. В ней нашли отражение все стороны жизни казахского народа. Восхищают глубиной мысли его философские стихи, решительностью и болью проникнута социальная лирика. Большое место занимают темы труда, образования, культуры и нравственности.

И стихи Абая звучат сегодня.

Ведущий 1:

Абай шебер аудармашы. Оның ішінде, орыс, қытай, татар, ағылшын, француз, неміс және тағы басқа тілдерге. Ойы – терең, түрі көркем, өзінше айтсақ, «іші алтын, сырты күміс» сөз жақсысын жаза білген Абай – қазаққа ғана емес, туысқан елдердің

көптеген талантты ақындарына ұстаз. Ол Гетенің, Пушкиннің, Лермантовтың, Крыловтың шығармаларын қазақшаға аударып, шебер аудармашы атанды.

Қазір кезекті ұлы ақынымыз Абайдың аудармаларына береміз.

2-ведущий:

Абай – властитель слова, языка.

Ведущий 1:

Парасатты болып туған,
Шыңғыстаудың Абайы.
Ән мен жырын мұра қылған,
Сарыарқаның Абайы.
Нақылымен сана құйған,
Қазағымның Абайы.
Ақылымен дана болған,
Бүкіл әлем Абайы!
«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе
Адалдықты көздесең

Жаттап тоқы көңілге!» -деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, Абайдың әр сөзін терең бойға сіңіріп, үңіле отырып, сезіну, тек әдебиет айдынында жүргендердің ғана емес, сонымен қатар нұрын, сырын көре білер, көкірегі ояу әрбір азаматтың парызы дей келе кезекті ақынның шығармаларын сүйіп оқитын оқырманымыз ҚарМУ әскери бөлімінің студенті *сіздерге Абай атамыздың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өленіңоқиды, қабыл алыңыздар*

Ведущий 2:

В душу взглядишь глубже, сам собою побудь.
Я для тебя загадка, я и мой путь.
Знай, потомок, дорогу я для тебя торил,
Против тысяч сражался – не обессудь!

Эти слова – словно приветственное письмо будущим поколениям. Он был и остается загадкой и для нашего времени. Он о себе сказал: «Я – человек-загадка». Что скрывается за этими словами? Какие истины скрыты? Почему Чингиз Айтматов сравнил Абая с Шекспиром, Данте, Пушкиным, Руставели?

1-ведущий

Абай өлендері бай философиялық, курескерлік қасиетке ие. Ол ең алдымен қазақтың телегей – теңіз ауыз әдебиетінен сусындап, батырлар жыры мен ғашықтық жырларының үрдісіне мұрагерлік етті. Өздеріңізде жақсы білесіздер Абай атамыздың 3 поэмасы бар. «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» - Абайдың шығармашылық мұрасындағы поэмалары да зерттеушілердің назарында.

Ведущий 1:

Абай ақын болып қана қойған жоқ, ол қазақтың халық музыкасын терең білетін және ән өнерін жоғары бағалайтын, өз өлендеріне ән шығарған композитор да болды. Ұлы Абай айтқандай:

Құлақтан кіріп бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй
Көңілге түрлі ой салар

Ведущий 1:

Қара сөздерден адамның көңіл-күйінің жарығы мен қараңғысының айнасы болған – күлкі мен қайғы туралы педагогтар арасында осы күнге дейін айтылмаған тың ой табамыз. Өйткені күлкі мен қайғы туралы ешкім Абайдай тап басып айта алмаған. Абай «күлме» демейді тек «орынсыз күлкіден сақ бол» дейді. Абай өз шығармалары арқылы рухани бірлікке шақырады.

Қорыта айтқанда, Абай қазақтың демократ ақыны, ұлы ойшыл, философы. Ол қазақ тілінің мәйегінен көптеген өлеңдер мен дастандар сондай-ақ, басқа да философиялық шығармалар жазды.

Ведущий 2:

Особое место в творчестве Абая занимают замечательные философско-этические этюды «Гаклии» («Слова назидания»), создававшиеся поэтом на протяжении почти 10-ти лет. «Слова назидания» уникальны, так как Абай не придерживался какой бы то ни было композиции. Он непринужденно переходит от одной темы в другой, от одного жанра к другому. Рассуждения, афоризмы, притчи и диалог – все это вобрало в себя 45 сгруппированных по годам слов-миниатюр.

«Слова назидания» перевели на многие языки мира. Многие умозаключения и поучительные выводы из книги актуальны и сегодня. Послушайте выдержки из некоторых «Слов назиданий».

Выступает читатель библиотеки Мезенцев Стас.



Ведущий 2:

Библиотека — одна из тех немногих нитей, что тянутся из прошлого и соединяют одно поколение с другим, историю с современностью. В нашей библиотеке сформирована коллекция книг, которая знакомит с творчеством, с жизнью и деятельностью Абая Кунанбаева

Обзор книжной выставки. Показ видеоролика

Ведущий 1:

Абай ізінің кіршіксіз ақ жүрегін тербеткен сансыз ойларын тамаша шығармалары мен жалынды жырларының бетінен әр жолынан, әрбір сөзінен бізге соншама ыстық, соншама жарқын леп еседі. Абай – лебі, Абай - үні, ана тынысы - заман тынысы, халық үні. Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді.

Ведущий 1:

Поэзия әлеміне самғадың,
Әділетті көксеуден еш талмадың.
Ақындардың көшбасшысы атанып,
Ел аузында мәңгі қалды жазғаның.
Өзің едің өлең-жырдың тарланы,
Шоқ жұлдыздай биік туған арманы.
Қуат алдым жырларыңнан, нәр алдым,
Қолдасын деп Абай ата аруағы.

Ведущий 2:

Имя гениального сына степи, великого поэта казахского народа, мыслителя, ученого, композитора Абая в наше время известно всему миру. Стихи и песни, философские воззрения, слова и мысли его находят отклик в сердцах людей своею человечностью, любовью, глубиной.

Произведения Абая вдохновляют молодое поколение казахов на служение своему народу, поддерживают в нем стремление к просвещению, знаниям, к развитию наций через культуру. Они всегда актуальны. Абай, утверждая, что «поэзия – властитель языка...», сам был повелителем поэзии, «сыном не только отца, своего народа, но и всего человечества».

